

МККК №13 “Шұғыла” бөбекжай бақшасының
Меңгеруші жанындағы кеңес
№1-Хаттама

24.08.2024 ж

Қатысқандар саны:28

Күн тәртібінде :

1. жаңа оқу жылының міндеттемелерімен танысу, бекіту;
2. жазғы сауықтыру шараларының орындалу қорытындысы;
3. Қызметкерлердің ішкі тәртібі;
4. НОБД және балабақша ситсен мен балаларды балабақшаға қабылдау туралы.

Тындалды. Балабақша меңгерушісі сөз сөйледі. Ол өз сөзінде 2023-2024-ші жаңа оқу жылымен барлық қызметкерлерді құттықтады. Жұмыстарына сәттілік тілей отырып, табандылықпен, ерекше жігерлене еңбек етуге шақырды. «Бақылау және Басшылық». Шолу тексеру қорытындысы туралы балабақша меңгерушісі 2023 -жылдың 21-25 тамыз күндер аралығында шолу бақылау жүргіздім. Тақырыбы: «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы қандай деңгейде?»

Бақылаудың мақсаты: Әрбір тәрбиеші топтарды стандартқа сай құрып, әсерлі етіп безендірулері қажет. Оқу материалдары мен көрнекіліктері балалардың жас ерекшеліктеріне сай келуі, және заттық – дамыту орталығының 5 дағды бойынша жабдықтылуы тиіс.

Бақылау нәтижесіне тоқталар болсам:

1) Заттық-дамыту орталықтары толық жабдықталмаған. Атап айтқанда, қарапайым

математикалық білім бөлімінің құралдары, сенсорикалық оқу – материалдары, сондай ақ үлестірмелі карточкалар өте аз.

Санамақтар, желімдер, толық емес.

2) «Табиғат бұрышы» мен «Ұлттық бұрыш» толықтырылмаған.

3) «Денсаулық » дағдыларында құрсаулар мен кегли, секіртпелер, құм салынған қапшықтар әр балаға жетпейді.

4) «Қатынас» дағдылары бойынша да кемшіліктер бар. Үстел үсті театры, магниттік театр, қуыршақ театры көлеңке театр жоқ, ертегілер туралы кітапшалар мүлдем аз. Қалдық заттардан жасалған заттар бар, бірақ олардың түрлері аз.

Ұсыныс:

1) Тәрбиешілерге жоғарыда аталған заттардың бәрін жасап, жабдықтау жұмыстарына кіріссін. Мерзімі: 17.09.2024ж.

2) Безендіру жұмыстарына ата-аналар да қатыстырылсын. Мерзімі: 18.09.2024ж.

3) Еңбек құралдары толықтырылсын. Мерзімі: 18.09.2024ж.

4) Патриоттық-әскери бұрыш және сауықтыруға арналған материалдар толықтырылсын. Мерзімі: 18.09.2024ж.

5) Түрлі мамандықтарға арналған құрал-жабдықтар толықтырылсын. Мерзімі: 18.09.2024ж

Сөйлегендер:

Ауелбекова Алия ескертуіңіз орынды ,келесі дүйсенбі күні пәндік-дамыту орталықтарын толықтырып,жоспарды түзіп,дайындалып келеміз -,деді.

Шешім: Меңгеруші алды кеңестің күн тәртібінің бірінші мәселесі бойыншы топтарда бес сала бойынша жабдықтау айтылған мерзімге дейін аяқталсын.

Тыңдалды. Балабақша медбикесі екінші мәселе бойынша сөз жазғы сауықтыру шараларының орындалу қорытындысы сөйледі:- Баланың денсаулыққа және бақытты өмір сүруге деген құқығын іске асырудың бірден бір жолы, жаз кезеңінде мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру болып табылады. Жазғы уақыттағы балалармен жұмысты сауықтыру деп айтады. Осы арқылы оның мақсаты мен бағыты айқындалады. Денсаулықты нығайтуға қолайлы жазғы күндерді дер кезінде пайдалану және әрбір баланың денсаулығын түзеуге және шынықтыруға ұмтылу маңыздылығы жайлы айтып өтті.

Шешім: Медбикенің Жазғы сауықтыру қортынды парағы қосымша тігілсін.

Тыңдалды: Балабақша шаруа меңгерушісі Қызметкерлердің ішкі тәртібі сөз сөйледі. Әріптестер әр жылы жаңа оқу жылының алдында балабақша ішкілік нұсқаулығынан өтесіздер бұл жерде әр мекеменің ішкі еңбек тәрбі жазлған. Осы ішкі тәртіп ережесі Қазақстан Республикасы Заңы «Білім туралы», Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексіне сай дайындалған.

Ішкі тәртіп ережесі білім беру ұйымының қызметіне ортақ қатынасты қамтамасыз ету мақсатында дайындалған, жұмыстың тәртібін және басқа да ерекшеліктерді ескеріп. Ереже мектепке дейінгі ұйымның барлық ұжымның жұмысын реттеп, нақты қарастырылған, жұмыс уақытын тиімді қолдануды қабілеттендіреді,еңбек тәртібін нығайтады,қызметкерлерге қолайлы жағдай жасау үшін. Мектепке дейінгі ұйым аумағында жұмыс уақытында табылатын барлық оқыту – тәрбиелеу үдерісіне барлық қызметкерлерге таныстырып қол қойдырты.

Шешім: Шару меңгерушісі Ішкі еңбек тәртібін қол қойылған құжаттың көшірмесін екінші тарапқа берілсін.

Балабақша меңгерушісі Сөз алды Құрметті әріптестер ,өздеріңіз білесіздер,балабақшаға балардың көптеп келуі тікелей ата-аналарға байланысты. Сол себепті олармен қарым-қатынасты нығайта түсуіміз керек. Осы жылдың қыркүйектің 16-күні жалпы ата-аналар жиналысын,21 күндері топтық жиналыстарды өткіземіз.

– Жиналыста қандай мәселелер айтылу керек ?

Бақшаға балалар 90-100 пайыз келу керек.

Ауырып жүрген баланы үйде емдеу,ата-аналарды ашық іс-әрекет шараларына қатыстыру(элеуметтік қашықтықты сақтай отырып,),пед. кеңестерге қатыстыру қажет.Әрбір ата-ана баласының білімді,білікті болып өсуіне мән беруге тиіс.Сондай- ақ,әрбір ата-ана отбасы болып, салауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығын ескеруі тиіс.

Тағы бір мәселе, балаларымызға қазақтың ұлтық дәстүрлері мен өзге де ұлттардың салт-дәстүрлерін,музыкалық аспаптары мен шығармаларын насихаттауымыз маңызды .

Сөйлегендер:

мед.бике:-дұрыс айтады.Мен де өз жоспарым бойынша екпе туралы,бойлары мен салмақтары туралы ата –аналарға мәлімет беруім керек.Денсаулық паспорттары түгел емес, алдыруымыз керек. –құрметті тәрбиешілер ,ата-аналармен үнемібайланыста болып,тапсырма беріңіздер -,деді

Тыңдалды. Меңгеруші сөз алды. Ол өз сөзінде :-Құрметті тәрбиешілер,көмекшілер,Күзайы берекелі,мерекелі мезгіл.Балаларға күз туралы,жеміс-жидектердің дәруменге бай,ағзаға пайдалы екенін дәріптеу мақсатында қазан айының бірінші онкүндігінде ертеңгілік өткізуді ұсынамын. Ертерек сценарилеріңізді түзіп,бекітуге маған ұсыныңыздар -,деді
Тәрбиешілер бірауыздан келісті.

Тыңдалды. Балабақша әдіскері сөз сөйледі:

-Қазір балабақшағабалаларын орналастыру науқаны жүріп жатыр. Кейбір балалар басқа балабақшаға ауысып жатыр. Орнына келіп жатыр. Сіздерден өтініш ,ата аналар мен жана келген балалардың құжаттарын сұратқан кезде ұялы телефондарымен қоса алдырып,жылдам жұмыс жүргізіңіздер.Өйткені әр айдың 15-не білім бөліміне балалар тізімін тапсырамыз.Егер бала саны кем болса,айлықтарыңызға нұқсан келетінін ескертеміз-,дедіәдіскер.

Шешім:

Топтарды жабдықтауға байланысты айтылған кемшіліктер бойынша жұмыс жүргізілсін.Мерзімі: 1апта.

Жалпы ата-аналар жиналысы 2024ж. 16-қыркүйек күні өткізілсін.

Топтық ата-анажиналысы 20.09на өткізілсін. Жауапты- әдіскер

Төрайымы		Н.Калыбаева
Хатшысы:		Д.Абуова

Меңгеруші жанындағы кеңес
Хаттама №2

28.11.2024 ж.

Қатысқандар саны- 25

Күн тәртібінде:

1. Жаңа жылға арналған мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жобалау бойынша жұмыс (дизайн жобасын жасау, безендіру атрибуттарын алу және жасау)
2. Материалдық-техникалық базаны жақсарту бойынша жұмыс (қажетті материалдар мен жабдықтарды алудың 2024-2025 жылдарға арналған жоспарын жасау)
4. Жинақтаушы ведомості, жазба кітапшасын талдау.
5. Жедел респираторлық инфекциялардың, тұмаудың және алдын алу шараларының жоспарын әзірлеу.
6. Ағымдағы маңызды оқиғалар

Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі сөз сөйледі. Ол өз сөзінде өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы айтты. –Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы туралы

бақылау жәге басқару бойынша жедел тексеру жүргізілді. Тексеру қорытындысының анықтамасы бар. Жалпы және топтық ата-аналар жиналыстарын өткізуге дайындық жұмыстары жүргізілді.

Ата-аналарға арналған сауалнама, психо –тренинг сценарийлері түзілді. «Алтын күз» бақша ішілікертеңгіліктің сценарийлері бекітілді. Түрлі мәселе бойынша балларды балабақшаға қабылдау және топтарға орналастыру бойынша НОБД және порталы арқылы балалар толық тіркелді.

Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі сөз сөйледі. Жаңа жылға арналған мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жобалау бойынша жұмыс (дизайн жобасын жасау, безендіру атрибуттарын алу және жасау бойынша Стратегиялық жобаны оқып таныстырды. Бұл мекеменің жанынан әр баланың сапалы және қол жетімді мектепке дейінгі білім алу құқығын жүзеге асыратын интегративті білім жүйесін құру. Сондай-ақ, оның психофизиологиялық ерекшеліктерін, жеке қабілеттерін және шығармашылық әлеуетін дамытуды ескере отырып, ересек адам мен баланың өзара қарым-қатынас моделіне сүйене отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруда білім беру қызметі нәтижелерінің жоғары сапасын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау. Заманауи мектепке дейінгі білім берудің және мекеменің даму бағдарламасының инновациялық сипатының мәні мектепке дейінгі білім беру мекемесінің оң жетістіктерін сақтауға бағытталған. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қоса алғанда, заманауи педагогикалық технологияларды енгізу, баланың мобильді қоғамда сәтті бейімделуіне және өзін табысты жүзеге асыруына мүмкіндік беретін,

педагогикалық процесті ұйымдастырудың жеке тұлғаға бағытталған моделін ұсыну, отбасы мен мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің интеграциясы жағдайында оның әлеуметтік құзыреттіліктерін дамыту.

Сонымен бірге трансформацияның инновациялық сипаты мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің қызметінде қол жеткізілген нәтижелерге, баланың қабілеттерін барынша дамытуда қазіргі ақпараттық қоғамның қажеттіліктеріне сәйкестілікке зерттеушілік көзқарасты білдіреді.

Балабақша шаруа меңгерушісі үшінші және төртінші мәселе бойынша Материалдық-техникалық базаны жақсарту бойынша жұмыс (қажетті материалдар мен жабдықтарды алудың 2024-2025 жылдарға арналған жоспарын жасау) Жинақтаушы ведомості, жазба кітапшасын талдау жасалғаны туралы есеп оқыды. Хаттамаға қоса тігілді.

Төртінші мәселе бойынша балабақша медбикесі

Жедел респираторлық инфекциялардың, тұмаудың және алдын алу шараларының жоспарын әзірлеу Баяндамасын оқып таныстырды.

Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі сөз сөйледі. Ол өз сөзінде – Құрметті әріптестер, қазіргі таңда ауа-райы күрт салқындап, орви, ларингит секілді аурулар асқынып тұр. Ата-аналармен тығыз байланыста болыңыздар. Дене қызуы бар баланы әкелуге болмайды. Тамағы іскен ауру-жұқпалы болатынын ескертіңіздер. Қалың киім кигізіп жіберсін.. тырнақ-шаштары өскен жағдайда қысқартып, жуындырып, шайындырып әкелетін болсын. Медбике, үнемі қадағаланыз, -деді меңгеруші.

Сөйлегендер медбике: -Ия, ата-аналармен үнемі тығыз байланыстамыз. Кеше бір, екі дене қызуы бар баланы қайтардық. пижамалары бар. Киімдері қалың, жылы, және ыңғайлы

Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі 2022 жылдың 15 желтоқсанда әр топта топтық ата-аналар жиналыстары өткізілетінін айтты. Жиналыста әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, төлемақы, балардың тұмау, орви, жөтел аурулары туралы және жаңа жылға дайындық және аяз атаның сыйлықтары мен концерттік нөмірлері туралы бір келісімге келіп, және басқа да мәселелер айтылу керек, -деді меңгеруші.

Шешім:

Медбике тұмаудың алдын алу жұмыстарын тыңғылықты жіргізсін, ауруларды есепке алуды уақтылы жүргізсін.

Топтық ата-аналар жиналысы 2022 жылдың 15 желтоқсан күні өткізілсін.

Жауапты- әдіскер.

Төрайымы

Н.Калыбаева

Хатшысы:

Д.Абуова

МКҚК №13 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы

Меңгеруші алды кеңесінің

Қызылжар ауылдық округі

Хаттамасы №3

31.01.2025ж

Қатысқандар:

1. Шаруашылық меңгерушісі.
2. Әдіскер
3. Медбике

Күн тәртібі:

1. «Денсаулық – табиғат берген сый» медбике
2. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерін дамытуға қосымша қаражат тарту жұмыстары.
3. Мекемеде өндірістік бақылауды жүргізу.
4. СанПин талабы бойынша тамақтандыруды тексеру
Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде санитарлық-эпидемиологиялық режимнің орындалуын бақылау.

Тыңдалды бірінші мәселе бойынша, балабақша медбикесі «Денсаулық – табиғат берген сый» тақырыбында баяндама оқыды. Онда қазіргі таңда өршіп тұрған «Қызылша» жұқпасы туралы төмендегідей мағлұмат берді:

Қызылша мен қызамық– біріне бірі өте ұқсас жұқпалар. Екеуінің де қоздырғышы вирус. Ауру ауа арқылы жұғады. Екеуіне тән негізгі белгі – денеде бөртпелердің пайда болуы.

Қызылша. Вирус адам ағзасына тыныс алу жолдары арқылы енеді, онда көбейіп, қанға енеді. Қан арқылы әртүрлі ағза мүшелеріне тарап, тамақ безін, бауырды, өкпені, жілік майын зақымдайды.

Қызылша қалай өтеді?Тұмау ауруларына ұқсайтын белгілерден басталады (дене қызуының көтерілуі. Жөтел, көздің жасаурауы, мұрынның ылғалдануы). Бұл жағдай 2-3 күнге созылады, содан соң денеде анық қызық бірігетін бөртпелер пайда болады, бастапқыда бетте, құлақтың артында, сонан соң барлық денеге тарайды. Ауру айналасындағылар үшін денесіне бөртпелер пайда болғанда дейін 4 күн, пайда болғаннан кейін 4 күн ішінде залалды болып саналады.

Қызылшаның қауіпті неде?Қызылша асқынуларымен қауіпті, олар - ортаңғы құлақтың, өкпенің, кеңірдектің, бронхоның, ми қабықтарының қабынуы. Кез келген асқанудан ауру өліп кетуі мүмкін.

Қызылшаны қалай емдейді? Қызылшаны да кез келген вирусты жұқпа секілді емдеу қиынға соғады. Қызылшаның арнайы емдеу препараты жоқ. Антибиотиктерді тек оның асқаруларын емдеуге пайдаланады. Науқасқа витаминдерге бай тағамдар (көкөністер, жемістер, шырындар), көп мөлшерде сұйықтық ішу қажет.

Шешім: Балалардан қызылшаға қарсы вакцинаны алуды қадағалау медбикеге жүктелсін.

Екінші мәселе бойынша балабақша шаруа меңгерушісі Қазіргі таңда жан-жақты жетілген, білімді азамат дайындау – қоғам алдындағы үлкен міндет. Бала — болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілетін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбиемен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс — тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік берді. Сондықтан оқу тәрбие үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізіп, оны тиімді пайдаланып, балаларға сапалы білім беру, жан-жақты дамыған бүлдіршіндерді тәрбиелеу — біздің басты мақсатымыз. Мектепке дейінгі педагогикада «Даму ортасы» термині «Балалар мен ересектердің өмірін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін материалдық-техникалық, санитарлық-гигиеналық, эстетикалық, психологиялық-педагогикалық жағдайлар кешені» деп түсініледі. Оны қалыптастыру кезінде көптеген факторларды ескеру қажет. Балабақшада топтарының әрқайсысының жас ерекшеліктерін ескеру өте маңызды болып табылады. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде кез-келген жас тобының пәндік-дамытушылық ортасын құра отырып, оқу процесіне қатысушылардың сындарлы өзара әрекеттесуінің психологиялық негіздерін, мектепке дейінгі мекеменің заманауи ортасының дизайнымен және ортаға бағытталған жас тобының психологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет. Балабақшаның жан — жақты пәндік-дамытушылық және ойын ортасын ұйымдастыру процесінде білім беру салаларын біріктіру. Мектепке дейінгі мекемеде дамытушы орта кеңістіктерін ұйымдастырудағы тәрбиешінің мақсаты мектепке дейінгі мекемедегі жас ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиеленушінің шығармашылық тұлғасын дамыту процесін жүзеге асыру үшін көп деңгейлі көп функционалды дамып келе жатқан пәндік — кеңістіктік ортаны құру үшін білім бөліміне сұраныс берілді

Шешімі:

- Жас ерекшеліктеріне қарай әрбір топта дамытушы ортаның жұмысы жүргізісін.

Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі апай - ҚР ҰЭМ 6 маусым 2016 жылы № 239 бұйрығымен бекітілген "Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар"

санитариялық қағидаларының талаптарына сай жүргізіледі. Негізгі мақсаты — азық-түліктің сапасын және қауіпсіздігін сақтау, объектідегі санитариялық эпидемиологиялық жағдайын жақсартуды қамтамасыз ету, тамақтан улану,

жіті ішек жұқпалары және жұқпалы емес аурушандықтардың алдын-алу, объектідегі санитарлық заң бұзушылықтарға жол бермеу, заңнамада қарастырылған санитариялық-эпидемиологиялық іс-шараларды орындау және де тамақ өнеркәсібі, қоғамдық тамақтану орындарында жүзеге асырылатын азық-түліктердің сапасын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында балабақшаның тамағын сапасын жаңарту тамақ жасалуда санитарлық талаптарға қатаң ережелердің сақталуы және профилактикалық іс-шаралардың орындалуы, бақылауды ұйымдастырып, жүзеге асыру жауапкершілігі балабақша шаруа меңгерушісі мен дәмбике жүктеледі..

Шешім сыртан алып келетін азық түлік сапасы қадағалансын.

Төртінші мәселе бойынша балабақша шаруа меңгерушісі СанПин талабы бойынша тамақтандыруды тексеру бойынша тексеру жүргізілгендігі туралы айтты.

Тексеру жүргізгендер:

Комиссия төрайымы: әдіскер

Комиссия мүшелері:

балабақша медбикесі

қамқоршылық кеңесінің төрағасы

ата-аналар комитетінің мүшесі

Тексеру барысында басшылыққа алынған критерийлер:

Тамақ өнімдерінің сапасына, тағамдарды дайындау технологиясына, өнімдердің және дайын тағамдардың сақтау мерзімдеріне, балабақша асханасына талапқа сай жұмыс жүргізуі, санитарлық талаптардың орындалуы, киім үлгісінің талаптарға сай болуы.

тексеру қорытындысы бойынша: кезекші топтардағы балбақша асханасының санитарлық жағдайы, асхананың жалпы тазалығы, ыдыс – аяқтардың тазалығы, азық –түлік сақтайтын қоймалар, жеміс – көкөніс сақтайтын орындар, қайнату, ыдыс – аяқ жуатын бөлмелер, азық – түліктердің сақталуы мен тұтыну мерзімі талапқа сай. Шикізаттың жеткілікті қолданылуы, дайын астың балаларға таратуға болатыны мен сапасы туралы бракераждық журнал толтырылған. Бекітілген мәзір бойынша дайын ас көлемінің тамақ әзірлеуге азықтардың дұрыс салынуы мен дайын ас шығымы өз деңгейінде. Тәуліктік сынама алу мен сақталу қамтамасыз етілген.

Аспазшылардың сырт киімдері санитарлық-гигиеналық талапқа сай.

Асханада дұрыс тамақтануға байланысты стендтер ілінген. Күнделікті және апталық ас мәзірі салыстырмалы түрде тексерілді. Санитарлық талаптарға сай үстелдер белгіленген, ара-қашықтық ережесі сақталған.

Комиссия асхана жұмысын жан – жақты тексеріп, төмендегідей шешімге

келді.

Шешімі:

1. Тамақ өнімдерінің сапасы, тағамдардың дайындалу технологиясы талапқа сай.
2. Асханадағы тазалық ережелерінің нормалары сақталған.
3. Азық – түліктердің сақталуы мен тұтыну мерзімі талапқа сай.
4. Бекітілген мәзір бойынша дайын ас көлемінің шығымы өз деңгейінде.

Ұсыныс:

1. Асхана жұмысы комиссия мүшелері тарапынан бақылансын.

Төрайымы		Н.Калыбасова
Хатшысы:		Д.Абуова